Бекітемін;
2021 жылдың «25 » тамыз
айында №1 педагогикалық
кеңесте бекітілген
меңгерушісі:
А.Т.Сарсенбаева

2021-2022 оқу жылының өндірістік кеңес хаттамалары

Өндірістік кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар: 15 29.08.2021ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы..
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау жұмысын жалғастыру,спорттық құралдарды толықтыру.
3. Балалар тізімін анықтау, ситсенге балаларды жас ерекшелігіне сай енгізу.
4. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу. Қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу.
5. Ішкі еңбек тәртібін, лауазымдық міндеттерін бекіту .Кадрларды топтарға орналастыру.Топ тәрбиешілерін бекіту.

Тыңдалды:

Сөйледі: А.Т.Сарсенбаева балабақша меңгерушісі жазғы маусымға арналған жеңілдетілген сабақ кестесі бойынша оқу-тәрбие процесі жүргізілді. Тәрбиешілер жаз бойына балаларға дене шынықтыру сабағынан жаттығулар, сауықтыру шараларын ұйымдастырып отырды. Жазда ата анасы еңбек демалысына шыққан балалардың үйде қандай санитарлық талаптарды орындау керектігін үнемі үйретіп отырды, ата-аналарға балалардың тазалығын, күн режимін сақтауды өтініп, қадағалап отырды. Медбике үй жағдайында балалар таза ауада ойнап, көбірек сусындар беріліп, құм үстінде жалаң аяқ жүріп, аяқтарын салқын сумен жуып, суланған шүберек үстімен жүріп, шынығумен айналысып, күннің екінші жартысында шомылу жоғарыдан төмен қарай су құюмен шынықтыру керектігін айтып отырды. Әрбір шынығу, дене жаттығулары, серуен, ата-ананың қадағалауында, бақылауымен өтуі керектігін ескертіп отырды. Ата-аналарға кеңестер берілді.

Жөндеу жұмыстарына тоқталсам, қажетті жерлерге жасалды. Балаларға зияны тимеу үшін сенбі, жексенбі күндері топтарды кезекпен жасап отырдық, дәліздер мен әкімшілік бөлмелерінде ақталып, сырлап өттік. Жаңа оқу жылына ғимаратымыз дайын. Жылу жүйесі де тексеріліп, қазандықтар дайын.

Тыңдалды:Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, спорттық құралдарды толықтыру, балалар тізімін анықтау.

Сөйледі: А.Т.Сарсенбаева балабақша меңгерушісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйым қызметкерлері мемлекеттік стандар талаптарының орындалуына жауапты екенімізді білеміз, орындауға міндеттіміз.

Демек, жаңа оқу жылында оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру үшін, талаптарға сай жабдықталуымыз қажет. Балабақшаның материалдық техникалық базасы мықты. Балаларға ойнау, ұйықтау, спортпен шұғылдану, ән айтып, би билеу, тамақтану, бөлмелері бар, жағдай жасалған. Дамытушы орталар толықтыруларды қажет етеді. Тәрбиешілер әр топқа сәйкес дамытуша орта, топ бұрыштарымен көрнекіліктерімен толықтыру жұмыстарын жүргізуде.

Мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі- бала өмірін қорғау және бала денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру. Ал спорттық ойындарға арналған құралдар да балаға қауіпсіз, ыңғайлы, бала санына жеткілікті, жас ерекшелігіне сай тура келуі керек. Спорттық құрал ретінде велосипед, кеглилер, самокат, секіртпелер, доптар, құрсаулармен толықтыру керек. Құралдарды ұқыпты пайдаланып, таза ұсталуы керек.Оқу- тәрбие процесін жүргізуде дайындықтар жүруде деді.Балалар тізімін анықтап**,** қажетті жерге тізімі іліну керек. Тәрбиешілер әр топқа сәйкес дамытуша орта, топ бұрыштарымен көрнекіліктерімен толықтыру жұмыстарын жүргізуде. Оқу- тәрбие процесін жүргізуде дайындықтар жүруде деді.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, ситценге тіркеу тізімдерін анықтау керек жөнінде айтып өтті. Мектепке кететін балаларды анықтап, оларды НОБД-дан, ситценнен шығарып, жаңа келген балаларды топқа бөліп ендіру керектігін тапсырды.

Балаларды қабылдау балабақшаның медицина қызметкерінің баланың денсаулық жағдайын тексерумен жүзеге асырылады. Балабақшаның барлық қызметкерлерін және балалардың медицина қызметкері күн сайын таңертеңгі фильтрден өткізеді.Ауру белгілері анықталған жағдайда қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді, балалар ата-аналарымен үйіне қайтарылады.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын балабақшаның сыртқы кіретін есігіне дейін ертіп апарады, балабақша кіріберісінде тәрбиеші балаларды қабылдайды.

Балабақша дезинфекциялау құралдарының қорымен қамтамасыз етіледі (кіре берістегі дезинфекциялау кілемшесі, санитайзерлер, ылғалды, дезинфекциялық жинауды қамтамасыз етуге арналған құралдар).-дей отырып әр қызметкердің міндеттерімен таныстырып өтті.

Тәрбиеші МДҰ-ға бару мәселесі бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді (жұмыс тәртібі, жас топтары, денсаулық жағдайы, тиісті киім-кешек, күн тәртібін сақтау және т. б.), баланы алдын ала алып келу, өйткені балаларды қабылдау белгілі бір уақытты алуы мүмкін);

Ұйқы, демалыс, тамақтану, ұйымдастырылған оқу қызметі режимі сақталады.

Оқу күні аяқталғаннан кейін ата-аналар балаларды алып кетеді, тәрбиеші баланы шыққанға дейін ертіп жүреді.

Тыңдалды: Бала өмірі мен қауіпсіздігін қорғау, қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу. Ішкі еңбек тәртібі. Лауазымдық міндеттерін атқару жөнінде бөбекжай балабақша меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева сөз жалғастырды. Балабақша қызметкерлерін бала өмірімен денсаулығын қорғау және қызметкерлердің өз өмірін сақтау жөнінде нұсқаулықтарымен таныстырылып оны сақтауды тапсырды.

Тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілері

-топтағы әр баланың өмірі мен денсаулығына жауапты;

- балабақшада балалар үшін қолайлы санитарлық-гигиеналық жағдай жасау.

-оқу тәрбие процесінің мемлекеттік стандарт талаптарын сай болуы, қауіпсіз жағдай жасау

-балаларды қараусыз қалдырмау керек.

-сабақ өткізу, ойнау, серуендеу, сауықтыру шаралары, барысында балабақша бөлмелерінде, тыс жерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

-балалрды жалғыз үйге жібермейді, бөгде адамдарға бермеу, себептер пайда болғанда меңгерушіге хабар беру қажет.

Меңгеруші әрбір қызметкерлерге берілген өз лауазымдық міндеттерін айтып өтіп, әрқайсысына беріп өздері оқып шығуына жағдай туғызды. Барлық қызметкерлерді нұсқаулықпен таныстырды.

Жалпы барлық қызметкерлер балабақшада өз өмірлерінің қауіпсіздігін сақтау ережелерімен, нұсқаулығынымен таныс болыңыздар. Нұсқау ережесін қатаң сақтауларыңызды тапсырамын.

Балабақшадағы ішкі еңбек тәртібі мен бөбекжай балабақша меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева таныстыра отырып орындалуын, қадағалауын өз жауапкершілігіне қалдырды. Балабақшада белгіленген жұмыс уақыты бойынша талаптар орындалуы тиісті екендігі атап көрсетті. Лауазымдық міндеттермен таныстырып, қызметкерлер танысқаны жөнінде растап қол қойды.

Сөйледі: А.Т.Сарсенбаева балабақша меңгерушісі әрбір қызметкер бала өмірі және өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау нұсқаулығымен, өз міндеттерімен таныстырылған. Әрбір оқу жылының басында, ғимаратта жылу жүйесі іске қосылатын қысқы маусымда, көктемгі көгалдандыру кезінде кеңес нұсқаулармен қайта таныстырылып қол қоясыздар. Және де сол ережені сақтап, жауапкершілікпен қарауға, міндеттеріңізді дұрыс атқаруды тапсырамын деді.

ТЫҢДАЛДЫ: Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітті.

Кіші топ: «Балауса» тобына: М.Е.Бейсенбаева

Ортаңғы топ: «Қарлығаш» тобына: Ж.Минапова

Шешім:

1. Топтарды жабдықтау жұмыстары толықтырылсын.Спорттық құралдар жас ерекшеліктеріне сай толықтырылысын.
2. Топтарда санитарлық-гигиеналық талаптар сақталып, жауапкершілікпен атқарылсын.
3. Берілген нұсқаулықтар бойынша балалар өмірін қорғау, қызметкерлер өз өмірлерін сақтау ережелерін сақтасын.

Жиналыс төрайымы: А.Т.Сарсенбаева

Жиналыс хатшысы: М .Бейсенбаева

Өндірістік жиналыс №2

№2 өндірістік жиналыс			
1	№1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.	Қаңтар	Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева
2	«Балабақшадағы адамгершілік – құқықтық тәрбие» жұмысын ұйымдастыру		Құқықтық тәрбие бойынша жауапты тұлға: Ж.Минапова
3	«Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізу» Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қорытындысы		Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева
4	«Ата-аналар жиналысының хаттамаларын ресімдеу» (жалпы және топтық) Ата-аналар жиналысының құжаттарының уақытылы толтырылу деңгейін бақылау қорытындысы		Меңгерушісі: А.Т.Сарсенбаева
5	Ағымдағы мәселелер		Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева

Өндірістік жиналыс
хаттамасы №2

Күні:19 қаңтар 2022жыл

Өндірістік жиналыстың өтілген орны: «Нұр-Арай» бөбекжай - бақшасы
Жиналыс төрайымы: А.Т.Сарсенбаева-меңгеруші
Жиналыс хатшысы: М.Бейсенбаева - тәрбиеші
Қатысты:-15
Қатыспады: -
Себепті: -
Себепсіз:-

Күн тәртібі:

№1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.	меңгеруші
«Балабақшадағы адамгершілік – құқықтық тәрбие» жұмысын ұйымдастыру	Құқықтық тәрбие бойынша жауапты тұлға
«Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізу» Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қорытындысы	Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева
«Ата-аналар жиналысының хаттамаларын ресімдеу» (жалпы және топтық) Ата-аналар жиналысының құжаттарының уақытылы толтырылу деңгейін бақылау қорытындысы	Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева
Ағымдағы мәселелер	Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай меңгерушісі**:** А.Т.Сарсенбаева 2021-2022 оқу жылындағы міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып, орындалуы меңгеруші, әдіскер тарапынан бақылауға алынды. Әрбір бөлім бойынша жоспарланған жұмыс әр топта балалардың жас ерекшелігіне байланысты жасалынып, уақытында жүргізілуде.
ҚАУЛЫ ЕТТІ:өткен өндірістік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.
II ТЫҢДАЛДЫ: Балабақшадағы адамгершілік – құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
СӨЙЛЕДІ: Құқықтық тәрбие бойынша жауапты тұлға Ж.Минапова адамгершілік-адамның рухани арқауы, өйткені адам баласы қоғамда өзінің

жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі-қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілер, ойындар тәрбиелеп өсіру негіздерімен адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса «Адамгершілік тәрбие беру кілті-халық педагогикасында» деуге болады,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: адамгершілік құқықтық тәрбие беру жұмыстары қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: «Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізу» Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ:Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева 17-18 қаңтар аралығында бөбекжайдың жылдық жоспарына сәйкес «Кіші», «Ортаңғы», топтарында күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің өтілуін салыстырмалы түрде бақылау өтті. Балаларды қабылдау топта жүргізілді. Тәрбиеші балаларды қуанышпен, күлімсіреп қарсы алды, әдемі келбетке назар аударды, балалардың көңіл-күйі туралы сұрады. Балаларға "текшелерде" қызықты ойын ұсынды. Балалар топқа кіріп, ойыншықтарды бөлшектей бастады. Тәрбиеші балалармен таңертеңгілік жаттығуды музыкамен ұйымдастырды.Балаларды таңертеңгілік жаттығуларға жинау үшін тәрбиеші өлең оқуды, тосын сәтті қолданды, балаларды күнмен бірге жаттығулар жасауға шақырды (жұмсақ ойыншық).Таңғы асқа дайындық кезінде тәрбиеші балаларды ұйымдасқан түрде қолдарын дәретханаға жууға алып келді. Өлең оқыды: «су, су, менің бетімді жу". Балалардың назарын краннан су ағып жатқанына аударды. - балалар крандағы судың қайдан келетінін білесіндер ме? Осылайша тәрбиеші балалардың ой-өрісін кеңейтт.і Түскі ас кезінде тәрбиеші де сөзін "Біз тыныш отырамыз және тыныш тамақтанамыз" деген өлеңдермен сүйемелдеді.Таңғы астан кейін балалармен ойындар ұйымдастырылды.Тәрбиеші балалардың назарын дастархан жаюға, мұқият тамақтануға, майлықтарды қолдануға, яғни балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға аударды.Тәрбиешілер күн тәртібіне қанағаттанарлық түрде құрды, әр түрлі іс - әрекеттерді ақылға қонымды түрде ауыстырып, режимдік сәттердің тәрбиешілерімен байланыста жұмыс істеуге тырысады; күн сайын жұмыс жоспарлары бойынша әңгімелер өткізеді; балалармен таза ауада үнемі серуендейді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:күн тәртібін сақтау бойынша тәрбиешілердің жұмысы қанағаттанарлық

IV ТЫҢДАЛДЫ: «Ата-аналар жиналысының хаттамаларын ресімдеу» (жалпы және топтық) Ата-аналар жиналысының құжаттарының уақытылы толтырылу деңгейін бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші А.Т.Сарсенбаева бөбекжайдың жылдық жоспарына сәйкес 2022 жылдың 17.01-18.01 аралығында ата-аналармен жұмыс бойынша педагогтардың жұмысын талдау мақсатында ата-аналар жиналысының құжаттарының уақытылы толтырылу деңгейіне бақылау жүргізілді. Дәстүр бойынша біздің мектепке дейінгі білім беру мекемесіндежалпы ата-аналар жиналысы жылына 2 рет, топтық ата-аналар жиналысы жылына 3 рет өткізіледі.
Ата-аналар жиналыстары ата-аналармен танысудан басталады. Бақылау барысында келесі мақсаттар көзделді: мақсат қою, ата-аналардың жиналыс тақырыбына қызығушылығы, жиналыстың күн тәртібін айту, достық жағдай, жиналыстарда көрнекілікті пайдалану, хабарламаның қысқаша мазмұны ата-аналармен жұмыс істеудің дәстүрлі емес әдістерін қолдану, рефераттың болуы, жиналыстың қорытындысын шығару және шешім қабылдау. Балалардың негізгі тәрбиешісі-ата-аналар. Бүгінгі таңда қазіргі ата – аналарға көмек қажет, өйткені психология мен педагогика туралы білімнің болмауы қателіктерге, түсінбеушілікке, демек, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеледі. Сондықтан балабақшаның педагогикалық ұжымының негізгі күш-жігері ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға бағытталған. Отбасын педагогикалық оқыту бойынша жұмыстың негізгі формаларының бірі-ата-аналар жиналысы. Барлық топтарда ата-аналар жиналысы жоспарланған және өткізілген. Жиналыстың кіріспе бөлігі: ата-аналармен амандасу, тақырыптың атауы, мақсат қою, ата-аналар жиналысының күн тәртібін айту, хатшыны таңдау. Тәрбиешілер шаршаған ата-аналардың назарын белсендірудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолданды.
Ата-аналарды белсендіру үшін тәрбиешілер ойын әдістерін, көрнекілікті қолданды, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және қатайту тәжірибесіне баса назар аударды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: ата-аналар жиналысының құжаттарының толтырылуы қанағаттанарлық.

V ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер
СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева әрбір қызметкер бөбекжайдағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және ақпан-наурыз айындағы жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

ШЕШІМ:

1. Күн тәртібін сақтау жұмыстарын бақылауға алу жалғастырылсын.
Мерзімі: Жыл бойы
Жауаптылар: тәрбиешілер, медбике
2. Ата-аналар жиналысының құжаттарының толтырылуы қанағаттанарлық.

Жиналыс төрайымы: А.Т.Сарсенбаева

Жиналыс хатшысы: М .Бейсенбаева

Өндірістік жиналыс №3

№3 өндірістік жиналыс			
1	№2өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.	Сәуір	Менгеруші: А.Т.Сарсенбаева
2	Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу, ойындарды жоспарлау		**Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева**
3	Балабақша мен мектеп сабақтастығының бірізділігі		Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева
4	Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің қорытындысы		Медбике: Г.Муталиева.
5	Ағымдағы мәселелер.		Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева

Өндірістік жиналыс
хаттамасы №3

Күні: 22 сәуір 2022жыл

Өндірістік жиналыстың өтілген орны: «Нұр-Арай»бөбекжай- бақшасы
Жиналыс төрайымы: А.Т.Сарсенбаева-меңгеруші
Жиналыс хатшысы: М.Бейсенбаева- тәрбиеші
Қатысты:-15
Қатыспады: -
Себепті:-
Себепсіз:-

Күн тәртібі:

№3 өндірістік жиналыс

1.	№2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы (меңгеруші)
2.	Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу, ойындарды жоспарлау (әдіскер)
3.	Балабақша мен мектеп сабақтастығының бірізділігі (әдіскер)
4	Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің қорытындысы (медбике)
5	Ағымдағы мәселелер. (меңгеруші)

I ТЫҢДАЛДЫ: №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы
СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева балабақшадағы адамгершілік – құқықтық тәрбие жұмыстары жоспар бойынша жүргізіліп, балалармен әртүрлі шаралар өткізілуде. Даму бағдарламасының инновациялық сипатының құндылығы бөбекжайдың оң жетістіктерін сақтауға, педагогикалық процесті ұйымдастырудың тұлғаға бағытталған моделін қамтамасыз етуге, жұмыс практикасына заманауи білім беру педагогикалық технологияларын енгізуге бағытталынып, даму бағдарламасының орындалуы жоспарға сай. Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары жүргізілуде.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен өндірістік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу, ойындарды жоспарлау
СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші А.Т.Сарсенбаева күн тәртібі-бұл апта ішінде балалардың өмірі қалай ұйымдастырылғанының көрнекі моделі. Күн уақыт кезеңдеріне (режимдік кесінділерге) бөлінеді және осы кезеңде балалар не істейтіні, бұл іс-шаралар қандай формада ұйымдастырылатыны көрсетіледі. Кез-келген жоспар әдістемелік сүйемелдеусіз тиімді емес, оны тәрбиешілер

перспективалық жоспарлар, циклограмма түрінде ұсынды. Жоспарлауды оңтайландыру үшін циклограмаға күнделікті іс-әрекетті тиімді жоспарлауды ұсынамыз. Дизайн заманауи және эстетикалық көрініске бай болуы керек. Қимылды ойындарды циклограммаға сай барлық топта ұйымдастыру қажет,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу бақылауға алынсын.

III ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша мен мектеп сабақтастығының бірізділігі

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші А.Т.Сарсенбаева сөз алды. Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарымен жұмыс балаларды мектепке дайындау мәселелері бойынша ата-аналарды ағартуға бағытталған. Әсіресе, ата-аналар үшін біз «Жақында мектепке» стенд жасаймыз, онда олар пайдалы ақпарат таба алады. «Болашақ оқушының күн тәртібі», «Бірінші сынып оқушысы нені білуі керек?», «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің психологиялық ерекшеліктері», «Балалар өз өмірлерінде көргендерін үйренеді» тақырыптарында кеңестер, «Мектепке келу - бұл балалар өміріндегі маңызды оқиға» жылжымалы папка, «Сіздің отбасыңыз баланың бірінші сыныпқа баруына дайын ба?» сауалнамасы өткіземіз. Бастауыш сынып мұғалімдерінің дайындық тобы түлектерінің ата-аналарымен кездесуі, онда болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналары баланың мектепке барар алдында не білуі және не істей алатындығы, мектеп керек-жарақтары қандай болуы керек екендігі туралы танысады,-деп жыл бой ы жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Балабақша мен мектеп арасындағы жұмыс қанағаттанарлық

4 ТЫҢДАЛДЫ: Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ: Медбике Г.Муталиева барлық жас топтарында шынықтыру рәсімдері оның табыстылығын қамтамасыз ету үшін міндетті қағидаттарды сақтай отырып жүргізіледі: шынықтыру тек баланың толық денсаулығы кезінде жүзеге асырылады, оның біртіндеп және шыныгу әсерінің қарқындылығын арттырады, оларды жүргізудің жүйелілігі мен дәйектілігі, баланың жеке ерекшеліктерін есепке алады, оған теріс эмоционалды реакциялар кезінде шынықтыруды жүргізуге жол бермейді.Балаларды қабылдау көшеде жүзеге асырылады. Температура режимі нормаға сәйкес келеді, үнемі желдету арқылы жүзеге асырылады. Таңертеңгілік жаттығулар мен серуендер уақытында режимде өткізіледі.

Ұйқыдан кейінгі гимнастиканы тексеру барысында, әр жас тобында сағат 15.00-ден балалар музыка әуенімен тез және бір уақытта оянатыны анықталды. Сонымен қатар, олар көрпелерді ашып, төсекте жатып, 2-3 минут ішінде 3-4 дене жаттығуларын жасады (бүгілген тізелерді қолдарымен ұстап, кейіннен түзетіп кеудеге тарту; қолдар мен аяқтардың көлденең және параллель қимылдары; іште әртүрлі жаттығулар, өзін-өзі массаж). Тәрбиешінің командасы бойынша балалар тұрып, 2-3 минут бойы табанның бұлшық етін дамыту және нығайту үшін қолданылатын «Денсаулық жолдары» бойынша орташа

қарқындылықтағы циклдік қозғалыстарды (массаж кілемшелері) орындады; жалаң аяқ жүгіру және жүру ересек топтарда жүзеге асады. Кілемшелер барлық балалар бір уақытта жасай алатындай етіп орналастырылған. Айтпақшы, процедурамен бірге тыныш музыка қолданылды, бұл балалардың эмоционалды тонусына оң әсер етеді. Сондай-ақ, тәрбиешілер тамақты тұзды сумен шаю сияқты шынықтаруды толықтыратын тиімді әдісті қолданады - бастапқы температура +32 - +30С әр тамақтан кейін бөлме температурасына жеткізіледі. Балалар бұл процедураны ересектерге ескертусіз дербес орындайды.

Тәрбиешілер тыныс алу жаттығуларын таңдауға ерекше назар аударады, өйткені олар терең тыныс алу және дем шығару кезінде ырғақты тыныс алу нәтижесінде тыныс алу жолдарына контрастты әсер етуге мүмкіндік береді. Тексеру кезінде тәрбиешілер балаылардың жалпақтабандылықтарының алдын алу үшін жаңа дәстүрлі емес жабдық жасады,-деді

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Шынықтыру шараларының деңгейі қанағаттанарлық.

5 ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева әрбір қызметкерлер бөбекжайдағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және алдағы айларда болатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

ШЕШІМ:

1. Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық жұмыстары қанағаттанарлық.
2. Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің жұмысы күшейтілсін.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: медбике, тәрбиешілер

Жиналыс төрайымы: А.Т.Сарсенбаева

Жиналыс хатшысы: М .Бейсенбаева